

М.А. Жұмаділова^{1*}, А.Ж. Исаева¹, Б.Ж. Айтимов²

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан;

² І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан
E-mail: Mira_19820509@mail.ru Ayim_09@mail.ru, bola_30081978@mail.ru,

ORCIDID0000-0002-5768-1076,

ORCID ID0000-0001-7928-8550

Электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғаудың құқықтық негіздері

Зерттеудің мақсаты электрондық мәмілені жүзеге асырудағы құқықтық қатынастарды қарастыру және ондағы коммерциялық құпияны қорғау саласында ұсыныстар әзірлеу. Электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияның қауіпсіздігі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өзекті болып саналады. Құпия ақпаратты қорғаудың көптеген шаралары оның техникалық шаралардың өзі көптеген жағдайда жетімсіз болып жатады. Зерттеу әдістері ретінде диалектикалық талдау (анализ), салыстырмалы құқықтық талдау қолданылды. Атап айтсақ, электронды мәмілелер туралы қазақстандық заңнаманың дамуын зерттеуде диалектикалық әдіс қолданылса, талдау (анализ) әдісі электрондық мәмілені жүзеге асырудағы коммерциялық құпияны құқықтық қорғаудағы қол жеткізген жетістіктерді бағалауда, ондағы проблемалар мен кемшіліктерді анықтауда пайдаланылды. Сонымен бірге, шетелдерде электрондық мәмілені жүзеге асыруда коммерциялық құпияның қорғалу дәрежесін анықтау мақсатында салыстырмалы құқықтық талдау әдісі пайдаланылды. Зерттеу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді: а) электрондық мәмілені жүзеге асырудағы коммерциялық құпияны қорғау ғылыми зерттеудің объектісі ретінде отандық заң ғылымында алғашқы рет қаралғандығы зерделенді; ә) электрондық мәмілені жүзеге асыруда коммерциялық құпияны қорғаудың өзектілігі мен оны құқықтық қамтамасыз етудегі проблемалар айқындалды. Мақаланың қорытындысында коммерциялық құпияны қорғауды қамтамасыз етпеген жағдайда туындауы мүмкін салдарлар негізделі отырып, «Коммерциялық құпия туралы» заң қабылдау қажеттігі негізделді.

Кілт сөздер: қорғау, сақтау, ақпараттық қауіпсіздік, коммерциялық құпия, ақпарат, ақпаратқа қол жетімділік, электрондық мәміле, қорғау шаралары, қол жетімділікті шектеу, құпияны жариялау, жауапкершілік.

Kipicne

XXI ғасырда арақашықтықты жақындату мен өзара іс-қимылды жеңілдетуде жеке тұлғалар мен ұйымдардың ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалану әрекеттері артуда. Тиісінше тауар алмасу, бірлескен шарттарға отыру мен оны орындауда электрондық мәмілелердің үлес салмағы өсуде. Мұндай электронды түрдегі мәмілелерді жасасуда мәліметтердің сақталуы мен оның қорғалу мәселелері, оның ішінде коммерциялық құпияның қорғалу мәселелері өзектілігі артып келеді. Коммерциялық құпияны қорғаудың маңыздылығы Еуропалық одақтың 2021 жылғы сәуірдегі "Trade secrets: managing confidential business information" ақпараттық парағында (бұдан әрі — ЕО ақпараттық парағы) көрсетілген. Онда кәсіпкерге экономикалық пайда мен бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Mira_19820509@mail.ru

ететін шектеулі қолжетімділігі бар кез келген ақпаратты коммерциялық құпия деп атайды, өйткені ол оны құпия ұстайды және бәсекелестер құпияны білмеуі және де оған қол жеткізе алмауы тиіс деп нақты көрсетілген. Мұндай коммерциялық құпия ретінде бағдарламалық алгоритмдер, рецепттер, клиенттердің тізімі, «ноу-хау», нарықты талдаудың нәтижелері және коммерциялық ұйымның негізгі табыс көзін қалыптастыратын өзге де мәліметтерді жатқызады. Коммерциялық құпияны қорғау осы құпияның иесі болып табылатын кәсіпкерге белгілі бір уақыт ішінде бәсекелестерден озып кетуді қамтамасыз етеді, мысалы, инновацияларға инвестиция салуды ынталандырады. Осыған байланысты, коммерциялық құпияны кез келген жолмен жариялау құпияның иесі болып табылатын кәсіпкер үшін пайдадан айырылуға немесе тіпті шығындарға әкелуі мүмкін. Аталмыш мәліметтердің ақпарат көзінде орналасуы оның қорғалуының ерекше тетіктерін қарастыруды қажет етеді [1].

Кәсіпкерлікті табысты жүзеге асыруда тиімді әрі уақыт ұтымдылығына алып келетін электронды мәмілелердегі жоғарыда аталған коммерциялық құпияларды құрайтын мәліметтерді құқықтық қорғаудың механизмдерін жетілдіру тауар айналымының қазіргі даму тенденциясын ескерсек азаматтық заңнаманың негізгі мақсаттарының біріне айналуы тиіс. Осыған байланысты зерттеуді жүргізуде электрондық мәмілені жүзеге асырудағы «коммерциялық құпия» ұғымын анықтау, оның дәстүрлі мәмілені жүзеге асырудағы коммерциялық құпиядан ерекшелігі, соның негізінде әзірленетін оның қорғаудың механизмдерінің ерекшеліктерін айқындау мен заңнамалық өзгерістерге ұсыныстарды негіздеу міндеттері іске асырылды.

Сонымен қатар, электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғау мәселелері Қазақстанда да, шет елдерде де толық зерттеліп, нақты шешімін таппаған мәселе екендігі байқалды. Өйткені, коммерциялық құпияны заңсыз пайдаланудан, байланыс құралдары арқылы коммерциялық құпияны жария етуден, сондай-ақ азаматтық айналымға қатысушылардың дербес деректеріне рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауда жаңа технологиялардың пайда болуына қарай азаматтық заңнаманың дәстүрлі құқықтық ережелерін қолдану қиындықтар туындатады.

Әдістер мен материалдар

Жұмыс барысында логикалық талдау, индукция және дедукция, талдау және синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, сонымен қатар жеке әдістер қолданылды. Атап айтқанда, жүйелік, функционалдық, салыстырмалы-құқықтық және формалды-құқықтық әдістер. Сонымен қатар шындықты дәлірек көрсететін диалектикалық әдіс те пайдаланылды. Бұл әдіс бізге белгілі бір мәселелерді тұжырымдауға, шешімдерді табуға, осы шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға және осы мәселені шешудің ең қолайлы нұсқасын таңдауға көмектеседі. Салыстырмалы-құқықтық әдіс бізге шет елдердің тәжірибесін қабылдау арқылы аталған проблеманы шешуге көмектесетінін атап өту қажет, өйткені дайын модель бар, оның кемшіліктері мен артықшылықтары белгілі, сондықтан оны Қазақстан Республикасындағы заңнаманы ескере отырып қолдануға болады.

Электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғаудың құқықтық негіздерін талдауда М.К. Сүлейменов, Ю.Г. Басин сияқты отандық заңгерлердің ғылыми еңбектері, сондай-ақ А. Лобков, О.И. Макаревич, М.А. Денисенко және т.б. шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері зерделенген. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, кәсіпкерлік кодексінің тиісті нормалары талданды.

Нәтижелер

ҚР АҚ Ерекше бөлімінде қорғау шараларын қолданбаған жағдайда, кәсіпкер коммерциялық құпияны қорғау құқығына ие бола алмайтыны анықталды. Жалпы, мұндай құқық егер ақпаратты коммерциялық құпияға жатқызудың жоғарыда аталған барлық үш белгісі (коммерциялық құндылықтың болуы осыған байланысты үшінші тұлғаларға белгісіз болса, қолжетімділіктің болмауы, оның иесі қорғау шараларын қолданса) сақталса ғана қолданылады. Олардың біреуін орындамау коммерциялық құпияны қорғау құқығынан айырылуға әкеп соғады (1017-баптың 1 және 4-тармақтары).

Алайда, егер коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты басқа тұлға дербес және заңды түрде алса, онда мұндай іс-әрекет коммерциялық құпияны бұзу болып саналмайды, ал аталған тұлға осы ақпаратты пайдалана алады және ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 1018-бабының 4-тармағына сәйкес «оның (коммерциялық құпияны иеленушінің) алдында мұндай пайдалану үшін жауап бермейді».

Бұл нормалар ЕО-да қолданылатын нормаларға ұқсас екенін атап өтеміз. Жоғарыда аталған ЕО директивасына сәйкес, кәсіпкер оны құпияда сақтау үшін тиісті шаралар қабылдаған жағдайда ғана

коммерциялық құпияны қорғауға құқылы (2-баптың 1 (с) тармағы). Мұндай шараларға төмендегілер жатқызылуы мүмкін:

- коммерциялық ақпаратты өңдеуге арналған арнайы процедуралар, оның ішінде технологиялық қорғау шаралары:

- шарттық шаралар (мысалы, ақпаратты жарияламау туралы ережелерді шартқа енгізу).

Заңнамалық қорғау коммерциялық ақпаратқа заңсыз қол жеткізуге жол бермеу болып табылады. Алайда, ЕО-ның коммерциялық құпия туралы директивасында егер коммерциялық құпияның иесі оны құпия сақтау үшін тиісті шаралар қолданбаса, заңсыз қолжетімділік пен пайдалану болмайтындығы анықталды. Бұдан басқа, егер коммерциялық құпияға жатқызылған ақпаратты бір мезгілде және басқа кәсіпкер немесе өзге әзірлеуші дербес әзірлесе, коммерциялық құпияға заңсыз қол жеткізу немесе пайдалану орын алған болып есептелмейді. Сондай-ақ, егер коммерциялық құпияға қол жеткізу көпшілікке ашық болса, оны пайдалану заңсыз болып саналмайды.

Қазақстан заңнамасында коммерциялық құпияны қорғаудың келесі шаралары белгіленген:

— заңсыз ақпарат алған немесе ұсынған тұлғаның зардап шеккен тарапқа келтірген зиянын өтеуі (ҚР АҚ 126-бабының 2-тармағы, ҚР Кәсіпкерлік кодекстің 12-бабының 11-тармағы және ҚР АҚ Ерекше бөлігінің 1018-бабының 1 және 2-тармақтары);

— кәсіпкерлік қызметте коммерциялық құпияны оның иесінің келісімінсіз пайдалануға тыйым салу (Кәсіпкерлік кодекстің 177-бабының 1 және 2-тармақтары және 189-бап);

— егер ірі залал болмаса, коммерциялық құпияға қол жетімділігі бар тұлғалардың сол құпияны жария еткені үшін айыппұл (ӘҚБТК-нің 240-бабы);

1) коммерциялық құпияны заңсыз жинағаны үшін, оның ішінде «байланыс құралдарында ұстап алу, компьютерлік жүйеге немесе желіге заңсыз кіру, арнайы техникалық құралдарды пайдалану арқылы» осы мониторингті жүзеге асыратын тұлғалардың одан әрі жария етуі/пайдалануы үшін деңгейлес мониторинг барысында;

2) жұмысты жүзеге асыру шеңберінде алынған коммерциялық құпияны кәсіпкер үшін ірі залал келтірген оның иесінің келісімінсіз жеке мақсатта жария еткені/пайдаланғаны үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі — ҚР ҚК) 223-бабының 1 және 2-тармақтары) айыппұл немесе түзеу / қоғамдық жұмысқа тарту не бас бостандығын шектеу / айыру [2];

Кәсіпкерлік Кодекстің 223-бабында коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты оның иесінің келісімінсіз пайдалану жосықсыз бәсекелестікке жатқызылған. Өз кезегінде, «артықшылықтар алуға бағытталған кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады» (осы Кодекстің 177-бабының 1-тармағы).

— коммерциялық құпиясын иеленушінің коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты заңсыз пайдаланушыдан «оны пайдалануды дереу тоқтатуды» талап ету құқығы (ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 1018-бабының 3-тармағы).

Егер ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланушы тұлға оны таратуға құқығы жоқ тұлғадан алса, ол туралы ақпаратты алушы білмесе және білуге тиіс болмаса (адал ниетті алушы), ашылмаған ақпараттың заңды иесі адал ниетті алушы оны пайдалану заңсыз екенін білмесе оны айрықша тегін лицензия талаптарымен одан әрі пайдалануға рұқсат беруі мүмкін. Осылайша, заңнамада коммерциялық ақпаратты құрайтын ақпаратты сатып алған адал ниетті сатып алушыларды қорғау қарастырылған.

ЕО-ның коммерциялық құпия туралы директивасында келесі құқықтық қорғау шаралары қарастырылған:

— коммерциялық құпияны ашуға және пайдалануға тыйым салу;

— контрафактілік тауарларды өндіруге және сатуға, сондай-ақ пайдалануға тыйым салу;

— контрафактілік тауарларды кері қайтарып алу, алу және жою;

— жіберіп алған пайданы ақшалай өтемақы түрінде өтеу (12-баптың 1, 2-тармақтары және 14-баптың 2-тармағы).

Алайда, сот алдында:

— ақпарат коммерциялық құпия болып табылатынын;

— иелену құқығын;

— коммерциялық құпия туралы заңның бұзылуын (жария ету, заңсыз қол жеткізу және т.б.) өтініш берушіге жүктеледі (ЕО коммерциялық құпия туралы директивасының 11-бабының 1-тармағы).

Айта кетейік, Қазақстанда нарықта контрафактілік тауарды алып қою және оған жол бермеудің басқа да шаралары қарастырылған. Бұл нормалар ҚР ҚК-нің «Авторлық және (немесе) сабақтас құ-

қықтарды бұзу» 198-бабымен; «Тауар белгісін заңсыз пайдалану» 222-бабымен және «Бөтеннің тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жер атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану» 158-бабымен реттеледі. Алайда, онда коммерциялық құпияны қозғамай, тіркелген зияткерлік меншік туралы айтылады.

Талқылау

О.И. Макаревич және М.А. Денисенко «Еуропалық одақ құқығындағы коммерциялық құпияны қорғау» мақаласында коммерциялық құпияны қорғаудың жаңа әзірлемелерді ынталандыру және кәсіпкерлікті дамытудағы маңыздылығын атап өтеді. Сонымен бірге, авторлар атап өткендей, әртүрлі елдердегі коммерциялық құпияны заңнамалық қорғаудағы айырмашылықтар коммерциялық құпияны иеленушілердің қорғаныс шараларын күшейтуіне және нәтижесінде заңнамалық қорғау жүйесі әлсіз елдерде олардың тауарлары мен қызметтерінің құнын арттыруға алып келеді [3, 36].

Осылайша, коммерциялық құпияны қорғаудың өзі ғана емес, сонымен бірге әрбір мемлекеттің заңнамалық деңгейінде коммерциялық құпияны қорғау жүйесінің қаншалықты дамығандығы да маңызды. Осыған байланысты, коммерциялық құпияны қорғау бөлігіндегі ұлттық заңнаманың осалдығы бизнесті жүргізуге арналған шығындарды азайту және тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құнын төмендету түріндегі электрондық сауданың артықшылықтары оны қорғаудың неғұрлым дамыған заңнамалық жүйесі бар елдердің кәсіпкерлерінің коммерциялық құпияны қорғауға арналған шығындарын арттыру ықтималдылығымен жойылуы мүмкін.

Қазақстанда коммерциялық құпия ҚР АҚ және өзге де нормативтік құқықтық актілермен қорғалады. М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басин коммерциялық құпияны қорғауды азаматтық заңнаманың төмендегі қағидаттарын іске асыруға жатқызады:

- жеке істерге және жеке өмірге біреудің араласуына жол бермеу;
- кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау [4].

Ғалымдардың пікірінше, бірінші қағида «азаматтық-құқықтық қатынастарға олардың жеке мүліктік немесе мүліктік емес сипатта болуына қарай тарайды. Жеке істерге кез келген адамның өз бетінше араласуына жол бермеу дегеніміз — егер мұндай талаптар заңмен белгіленбесе басқа адамдарға қабілетті азаматтардың немесе заңды тұлғалардың өз мүлкіне билік етуіне, кірістерін бөлуге, кірістерін пайдалануға әсер етуге тыйым салуды білдіреді» [4].

Екінші қағидаға келетін болсақ, авторлар кәсіпкер мен тұтынушының мүдделеріне қарама-қайшылыққа қарамастан, біріктіруші «түпкі мақсат-тұтынушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырудан басқа жолмен жүзеге асырылмайтын кәсіпкерлікті дамыту» деп жазады. Бұдан әрі олар: «Кәсіпкерлерге коммерциялық құпияны сақтау керек Азаматтық кодекстің 10-бабы осыған бағытталған» деп тұжырымдайды [4]. Мәселен, ҚР АҚ 10-бабының 5-тармағымен коммерциялық құпияны қорғау қарастырылған.

ҚР АҚ-нің коммерциялық құпиясына кәсіпкерлік құпияны жатқызады, яғни кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезіндегі құпияны білдіреді (10-баптың 5-тармағы). Бұл ретте М.К. Сүлейменов пен Ю.Г. Басин атап өткендей, қандай ақпарат коммерциялық құпияны құрайтынын кәсіпкердің өзі анықтайды, бірақ коммерциялық құпия қандай көлемде коммерциялық құпия болып табылатындығын заңнама да анықтай алады: «коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттың құрамы мен көлемін заңмен анықтауға болады, ал тиісті заңнама болмаған жағдайда коммерциялық құпияны кәсіпкерлер анықтай алады [4]. Мысал ретінде, заңнама коммерциялық құпияны анықтаған кезде, авторлар бухгалтерлік есепке қатысты норманы келтіреді. Бүгінгі күні бұл норма «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 ҚР Заңымен реттеледі және бұл Заңда «бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттары мен тіркелімдерінің мазмұны коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат болып табылады» делінген (12 баптың 1-тармағы) [5].

ҚР Заңнамасындағы ақпарат терминінің анықтамасын қарастырайық. ҚР АҚ-да бұл терминге анықтама берілмейді. Сондай-ақ М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басин, А. Лобков ақпаратты азаматтық құқықтар объектісіне жатқызады [6]. Сонымен бірге, М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басин ақпаратты «қазіргі уақыт үшін маңызды мүліктік игілік» деп айқындайды, авторлардың пікірі бойынша оның «мүліктік игіліктер мен құқықтардың негізгі түрлерінің тізбесінде» болмауы бұл тізбені толық емес етеді [4]. Ақпараттың анықтамасы ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында берілген [7]. Осы Заңның 1-бабының 1) тармақшасымен ақпарат деп «ақпарат иесі алған немесе жасаған, кез келген жеткізгіште тіркелген және оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы мәлімет-

тер» түсініледі. Коммерциялық құпия қол жетімділігі шектеулі ақпарат болып табылады (Осы баптың 8-тармақшасы).

Алайда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты ақпарат коммерциялық құпия болып саналуы үшін ол келесі үш сипаттамаға сәйкес келуі керек:

— ол «үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе ықтимал коммерциялық құндылыққа ие болуы керек»;

— «оған заңды негізде еркін қол жетімділік жоқ»;

— «ақпарат иесі оның құпиялылығын сақтау үшін шаралар қабылдайды» (ҚР АҚ 126-бабының 1-тармағы).

Бұдан басқа, ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 1017-бабының 2-тармағына сәйкес «ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын шарттылықты орындауға (оны тіркеу, куәлік алу және т.б.) қарамастан туындайды» [8]. Коммерциялық ақпарат осы баптың 1-тармағында ашылмаған ақпаратқа жатқызылған. Осылайша, ҚР АҚ-нің осы нормаларынан және ҚР АҚ-нің Ерекше бөлігінен коммерциялық құпия құқықтық тіркеуі жоқ ақпарат болып табылады.

Жоғарыда аталған үш белгі ашылмаған ноу-хау мен іскерлік ақпаратты (коммерциялық құпияны) қорғау туралы 2016 жылғы 8 маусымдағы Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2016/943 (ЕО) Директивасында (бұдан әрі — Коммерциялық құпия туралы ЕО директивасы) баяндалған коммерциялық ақпараттың белгілеріне сәйкес келеді: ақпаратты құпияда сақтау және сол үшін тиісті шаралардың болуы, сондай-ақ ақпаратты құпия коммерциялық құндылық. Бұл ретте, осы директиваның кіріспесінің 14-тармағымен коммерциялық құпия терминімен ноу-хауды, коммерциялық ақпаратты және технологиялық ақпаратты қамту ұсынылады [9].

Қазақстандық заңнамада мұндай нақтылау жоқ. Алайда, М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басин өздерінің «Азаматтық құқық. I Том» оқулығында «көбінесе коммерциялық құпияға жаңа технологияларды, өнімнің сапасын тексеру жүйесін, жабдықтау көздерін, сатып алынған мүліктің құнын және т.б. жатқызады. Коммерциялық құпия ретінде ноу-хау, яғни өндіріс құпияларын құрайтын технологиялық, ұйымдастырушылық немесе коммерциялық ақпарат қорғалады» деген [4]. А. Лобков өзінің «Коммерциялық құпия, ашылмаған ақпарат, құпиялық...» атты мақаласында: «Коммерциялық құрылымдардың басшылары коммерциялық құпияға, әдетте, технологиялық әзірлемелермен байланысты, іскерлік серіктестер туралы және жасасуға дайындалып жатқан шарттар, қызметкерлердің енбекақысын төлеу жүйесі туралы мәліметтерді жатқызады» деп жазады [6]. Осылайша, тәжірибе көрсетіп отырғандай, Қазақстанда ЕО-ның жоғарыда аталған директивасында көзделгеннен гөрі ақпараттың неғұрлым кең ауқымы, оның ішінде жабдықтау көздері мен іскер әріптестер туралы мәліметтер де коммерциялық құпияға жатқызылуы мүмкін.

Сонымен қатар, Қазақстан заңнамасында коммерциялық құпия мәртебесіне ие бола отырып, халық үшін қандай ақпаратқа қол жеткізуді шектеу мүмкін еместігі айқындалған (ҚР АҚ 10-бабының 5-тармағы). Мәселен, оған Кәсіпкерлік кодекстің 28-бабының 12 және 13-тармақтарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісінің тіркеу деректері (атауы, күні, қызмет түрі) ретінде жинақталған ақпарат және басқалар жатқызылған. М.К. Сүлейменов және Ю.Г. Басин атап өткендей, «заң коммерциялық құпия түрінде маңызды қоғамдық мүдделілік бар мәселелер бойынша ақпаратты жасыруға тыйым салады (мысалы, АҚ 41-бабының 7-тармағы). Заң басқа адамдардың мүдделерін әділетсіз бұзу, серіктестерді адастыру, жауапкершіліктен жалтару және т.б. үшін коммерциялық құпияны теріс пайдалануға жол бермейді» [4].

Қазақстанның заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияны қорғау осындай ақпаратты «заңсыз алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салудан» тұрады (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабының 1-тармағы). Осылайша, «коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат, заңды күшіне енген сот шешімі бар ақпаратты немесе осы Кодексте белгіленген өзге де жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз жария етілмейді» (сол баптың 8-тармағы). Сондай-ақ, ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 638-бабында «егер Тарап шарт бойынша өз міндеттемесін орындау арқасында екінші тараптан коммерциялық құпия ретінде қаралуы мүмкін мәліметтерді алса, оны екінші Тараптың келісімінсіз үшінші тұлғаларға хабарлауға құқығы жоқ. Мұндай ақпаратты пайдаланудың тәртібі мен шарттары тараптардың келісімімен айқындалады» делінген. Оның үстіне, мемлекет кәсіпкердің — оның иесінің келісімінсіз коммерциялық құпияны пайдалана және тарата алмайды және өзінің функцияларын іске асыру үшін коммерциялық құпия болып табылатын қажетті ақпараттан көбірек қолжетімділікті талап ете алмайды (сол баптың 9 және 10-тармақтары).

Заңнамада ақпараттық-коммуникациялық құралдарда коммерциялық құпияны қорғау жөніндегі нормалар да көзделген. Сауда қызметін реттеу туралы заңда электрондық сауда алаңы, сондай-ақ ақпараттық-жарнамалық сауда алаңы электрондық коммерцияны жүзеге асыру кезінде электрондық құжаттардағы немесе электрондық хабарламалардағы коммерциялық құпияны жария етпеуге тиіс екендігі регламенттеледі (29-1-баптың 4-тармағы). ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 26 маусымдағы № 177 қаулысымен бекітілген деректер базасын қалыптастыру мен жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарда да тиісті нормалар бар. Оларда «Қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру» атты 5-тарауында «сақтандыру есептерін қалыптастыру және пайдаланудың ақпараттық жүйесі ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді» сақтау, өңдеу барысында немесе коммуникациялық арналар арқылы беру кезінде санкцияланбаған көшіруден қорғалады» делінген (27-тармақтың 1 және 2-тармақшалары) [10].

Жалпы электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды құқықтық реттеуді жүзеге асыратын негізгі нормативтік құқықтық акт — «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚР Заңы (бұдан әрі — Ақпараттандыру туралы Заң). Осы актінің «Ақпараттандыру субъектілерінің құқықтары мен міндеттері» атты 3-тарауы ақпарат объектілері меншік иелерінің, иеленушілерінің және пайдаланушыларының ақпарат объектілерін қорғау жөнінде шаралар қолдану құқықтарын да, міндеттерін де белгілейді (16-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы, 17-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы және 18-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы). Бұл ретте меншік иесі өзінің ақпараттандыру объектісін иелену және пайдалану құқығын берген тұлға иесі болып табылады (1-баптың 5-тармақшасы). Жоғарыда айтылғандай, коммерциялық құпияны қорғау шараларын кәсіпкердің өзі анықтайды.

Электрондық мәмілелер, өз кезегінде, осы Заңда ақпарат объектілеріне жатқызылған электрондық құжаттар мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды, оның ішінде Интернет алмасу арқылы жасалады. Мәселен, Ақпараттандыру туралы Заңның 4) тармақшасына сәйкес «ақпараттандыру объектілері — электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтамасыз ету, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым» және осы Заңның 1-бабының 57) тармақшасына сәйкес «электрондық ақпараттық ресурстар — электрондық жеткізгіште және ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық-цифрлық нысандағы ақпарат» болып табылады. Сөйтіп, электрондық құжаттар электрондық ақпараттық ресурстар болып саналады, ал ақпараттық-коммуникациялық құралдар ақпарат объектілері болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық құралдардың меншік иесі мен иеленушісі «электрондық құжаттардың» меншік иесінің немесе иеленушісінің алдында олардың сақталу қауіпсіздігі және қорғалуы», «өзіне тиесілі объектілерде орналастырылған ақпараттық жүйелердің қорғалуы» үшін жауапты болады (осы Заңның 16-бабының 6-тармағы және 17-бабының 3-тармағы).

Ақпараттандыру туралы заңда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін қорғау бойынша неғұрлым қатаң талаптар көзделген. Мұндай объектілерге, мысалы, денсаулық сақтаудың, көліктің, сумен жабдықтаудың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы және экономиканың басқа да салалары жатады және олардың жұмыс істеудегі іркілістері «Әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе халықтың тыныс-тіршілігі үшін елеулі теріс салдарларға әкеледі (1-баптың 24) тармақшасы).

Мұндай объектілердің иелері:

— өзінің ақпараттық қауіпсіздік орталығының болуы немесе басқа да жалдамалы жедел ақпараттық қауіпсіздік орталықтарының болуы, олар ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде электрондық құжаттар мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қорғауды жүзеге асырады;

— ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингі жүйесі қызметкерлеріне қызмет көрсететін субъектілердің коммерциялық ақпаратын жария етпеу және осы орталықты белгіленген мерзімде және тәртіппен орын алған ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабардар ету міндеті заң жүзінде жүктелген ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының жүйесімен интеграциялануы тиіс;

— «электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына» беруге тиіс (1-баптың 30-4) тармақшасы, 7-4-баптың 2-тармағы және 17-баптың 2-1-тармағы).

Сондай-ақ заңнамада сот процестерінде коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету жағдайлары көзделген. Мәселен, процеске мүдделі қатысушының өтінішхаты бойынша сот істері жабық іс жүргізуде жүзеге асырылуы мүмкін (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (бұдан әрі — ҚР ӘҚБтК) 21-бабының 2-тармағы [11], (ҚР АПК 209-бабы). Жабық іс жүргізу туралы шешім қабылдау кезінде сот процестің басқа қатысушыларына тиісті коммерциялық құпияны жария еткені үшін жауапкершілік туралы ескертеді (ҚР АПК 19-бабының 4-тармағы). Сондай-ақ сот өз шешімін немесе қаулысын жария еткен кезде коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз етеді (ҚР АПК-нің 223-бабының 2-тармағы және 451-бабының 2-тармағы).

ЕО-ның коммерциялық құпия туралы директивасында коммерциялық құпияны заңнамалық қорғау деп оған заңсыз кіруге жол бермеуді белгілейді. Мұндай заңсыз әрекеттерге, мысалы, коммерциялық құпия болып табылатын ақпараты бар электрондық файлдарды көшіру немесе осы құпия иесінің келісімінсіз коммерциялық құпияны жария етпеу жөніндегі шарттық міндеттемені бұзу жатады (4-баптың 2 және 3-тармақтары).

Осыған ұқсас, қаралатын директива сот процесі кезінде де және одан кейін де коммерциялық құпияның сақталуын көздейді (9-баптың 1-тармағы). Осылайша, Тараптардың бірінің немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысушыларға талаптың мәні болып табылатын коммерциялық құпияны пайдалануға және жария етуге тыйым салынады. Ерекшелігі — бұл құпияның мұндай құпияға жатпайтындығы немесе уақыт өте келе ол көпшілікке қол жетімді болатындығы туралы сот шешімі болған жағдайда мұндай тыйымды алып тастауды заңнамалық реттеу көзделген.

Қазақстан заңнамасында коммерциялық құпияны қорғау шараларын кәсіпкердің өзі жүзеге асыратыны белгіленген (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабының 1-тармағы). Сонымен, кәсіпкер сияқты қорғаныс шараларын қолдана алады:

- оның тізімін;
- оған еркін қол жеткізе алатын, сондай-ақ олардан жарияламау туралы қолхат алатын тұлғаларды анықтау;
- оны сақтау және пайдалану шарттары мен тәртібі, сондай-ақ осы Шарттар мен тәртіптің сақталуын бақылау (осы баптың 2-6-тармақтары).

Ақпарат, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құралдар объектілерін қорғау үшін меншік иесі электрондық құжаттардың — электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен немесе иеленушісімен бірлесіп, оның объектісін пайдалану және ресурстарға қол жеткізу тәртібін айқындайды (осы Заңның 16-бабының 5-тармағы), сондай-ақ электрондық құжаттарды-электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен:

- электрондық құжаттарды «өңдеу, қорғау және оларға қол жеткізу режимі мен ережелерін»;
- ақпараттық-коммуникациялық құралдарды «қорғау және оларға қол жеткізу тәртібі мен ережелерін»;
- «электрондық құжаттарды сақтау, көшіру және тарату кезінде оларға билік ету шарттарын»;
- ақпараттық-коммуникациялық құралдарды «иелену және пайдалану шарттарын» (қарастырылып отырған заңның 16-бабы 1-тармағының 2-5-тармақшалары) анықтай алады.

Ақпараттық-коммуникациялық құралдардың иесі төмендегілерді анықтай алады:

- осы объектінің меншік иесі айқындаған шарттарға сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық құралдарға қол жеткізу және пайдалану шарттары;
- ақпараттық жүйеде электрондық құжаттарды өңдеу шарттары (осы Заңның 17-бабының 1-тармағы).

Қорытынды:

ҚР АҚ 126-бабында коммерциялық құпияның анықтамасы берілген, онда азаматтық заңнамада «үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат қорғалады» делінген. Осыған сәйкес, зерттеу барысында төмендегідей қорытындыларға келуге болады:

1. Кәсіпкерлік қызметтегі, оның ішінде электрондық саудадағы коммерциялық құпияны қорғаудың маңыздылығын ескере отырып, коммерциялық құпия ақпараттың бір түрі ретінде анықталып, өз кезегінде азаматтық құқықтың объектісі ретінде танылуы тиіс. Мұндай ақпараттың түрлері әлі де болса толық зерттелуді және нақтылануды талап етеді.

2. Электронды мәміле жасауда коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді қорғаудың механизмі, олардың жекелеген ерекшеліктеріне байланысты әзірленуі қажет.

3. Коммерциялық құпияны қорғау мен оны өзге мәліметтерден нақты ажыратуға мүмкіндік беру үшін «Қазақстан Республикасының коммерциялық құпиялар туралы» Заңын әзірленіп, қабылдануы қажет. Мұндай заңның болуы біріншіден, коммерциялық құпияларды қорғаудың құқықтық негіздері мен технологиялық тетіктерін айқындап беретін болса, екіншіден, мұндай мәлімет ретінде адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті тауарлар мен өнімдер туралы мәліметтерді жасырып қалуға мүмкіндік бермейтін болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Информационный лист ЕС от 28 апреля 2021 г. «Trade secrets: managing confidential business information». - [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.ipoi.gov.ie/en/commercialise-your-ip/using-ip-to-grow-your-business/what-is-intellectual-property>
- 2 «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>.
- 3 Макаревич О.И. Охрана коммерческой тайны в праве Европейского союза / О.И. Макаревич, М.А. Данисенков // Журн. междунар. права и междунар. отношений. — 2017. — № 1, 2 (80, 81). — С. 35–41.
- 4 Сулейменов М.К. Гражданское право. — Т. I. Учеб. для вузов (академический курс) (Главы 1–15). [Электронный ресурс] / М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30002463&pos=2;-106#pos=2;-106
- 5 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>
- 6 Лобков А. Коммерческая тайна, нераскрытая информация, конфиденциальность... [Электронный ресурс] / А. Лобков. — Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30092425&pos=4;-106#pos=4;-106
- 7 «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы №401-V Заңы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z150000401>.
- 8 «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409>.
- 9 Директива (ЕС) 2016/943 Европейского парламента и совета от 8 июня 2016 г. о защите нераскрытых ноу-хау и деловой информации [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://wipo.lex.wipo.int/ru/legislation/details/16435>.
- 10 Постановление Правления Агентства РК по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций от 26 июня 2007 г. № 177 «Об утверждении требований к деятельности организации по формированию и ведению базы данных». [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070004860/_history.
- 11 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексі [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

М.А. Жұмаділова, А.Ж. Исаева, Б.Ж. Айтимов

Правовые основы защиты коммерческой тайны при осуществлении электронной сделки

Целью исследования являются рассмотрение правоотношений при осуществлении электронной сделки и выработка предложений в области защиты коммерческой тайны в ней. Безопасность коммерческой тайны при осуществлении электронной сделки является актуальной в области обеспечения информационной безопасности. Многие меры защиты конфиденциальной информации, его технические меры сами по себе во многих случаях оказываются недостижимыми. В качестве методов исследования использовались диалектический метод, метод анализа и сравнительно-правовой анализ. В частности, в исследовании развития казахстанского законодательства об электронных сделках применялся диалектический метод, метод анализа использовался при оценке достигнутых достижений в правовой защите коммерческой тайны при осуществлении электронной сделки, выявлении в ней проблем и недостатков. Вместе с тем применен метод сравнительного правового анализа с целью определения степени защиты коммерческой тайны при осуществлении электронной сделки за рубежом. В ходе исследования были достигнуты следующие результаты: а) изучено, что защита коммерческой тайны при осуществлении электронной сделки впервые рассматривается в отечественной юридической науке как объект научного исследования; б) выявлена актуальность защиты коммерческой тайны при электронной сделке и проблемы ее правового обеспечения. В заключение статьи обоснована необходимость принятия Закона РК «О коммерческой тайне» с обоснованием возможных последствий в случае не обеспечения защиты коммерческой тайны.

Ключевые слова: защита, охрана, информационная безопасность, коммерческая тайна, информация, доступ к информации, электронная сделка, меры защиты, ограничение доступа, разглашение тайны, ответственность.

M.A. Zhumadilova, A.Zh. Issaeva, B.Zh. Aitimov

Legal basis for the protection of trade secrets in the implementation of an electronic transaction

The purpose of the study is to consider legal relations in the implementation of an electronic transaction and to develop proposals in the field of trade secret protection. The security of trade secrets in the implementation of an electronic transaction is relevant in the field of information security. Most measures to protect confidential information and its technical measures themselves in many cases are unattainable. As research methods the dialectical method, the method of analysis and comparative-legal analysis were used. In particular, in the study of the development of Kazakhstan's legislation on electronic transactions dialectical method was used; the analysis method was used to assess the obtained achievements in the legal protection of trade secrets in the implementation of an electronic transaction, identifying problems and shortcomings in it. At the same time, the method of comparative-legal analysis has been applied in order to determine the degree of protection of commercial secrets in the implementation of an abroad electronic transaction. In the course of the study, the following results were achieved: a) it is studied that the protection of trade secrets in the implementation of an electronic transaction is considered for the first time in domestic legal science as an object of scientific research; b) the relevance of the protection of trade secrets in the implementation of an electronic transaction and the problems of its legal support are revealed. In conclusion, the scientific article substantiates the need for the adoption of the law "On Trade Secrets" with justification of possible consequences in case of failure to ensure the protection of trade secrets.

Key words: protection, security, information security, trade secret, information, access to information, electronic transaction, security measures, access restriction, disclosure of secrets, liability

References

- 1 Informatsionnyi list ES ot 28 apreliya 2021 goda «Trade secrets: managing confidential business information». [EU Information Sheet dated April 28, 2021 «Trade secrets: managing confidential business information»] Retrieved from <https://www.ipoi.gov.ie/en/commercialise-your-ip/using-ip-to-grow-your-business/what-is-intellectual-property> [in English].
- 2 «Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi». Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 3 shildedegi No 226-V Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan dated July 3, 2014 No. 226-V «Criminal Code of the Republic of Kazakhstan»] (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226>.
- 3 Makarevich, O.I., & Denisenko, M.A. (2017). Okhrana kommercheskoi tainy v prave Evropeiskogo soiuza [Protection of trade secrets in the law of the European Union]. *Zhurnal mezhdunarodnogo prava i mezhdunarodnykh otnoshenii — Journal of International Law and International Relations*, 1, 2, 35–41 [in Russian].
- 4 Suleimenov, M.K., & Basin, Yu.G. Grazhdanskoe pravo. Tom I. Uchebnik dlia vuzov (akademicheskii kurs) (Glavy 1–15) [Civil law. Volume I. Textbook for universities (academic course) (chapters 1-15)]. (n.d.). base.online.zakon.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30002463&pos=2;-106#pos=2;-106 [in Russian].
- 5 «Bukhgalterlik esep pen qarzhylыq esep turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 28 aqpanyndagy No 234 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated February 28, 2007 No. 234 «On accounting and financial accounting»]. (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234> [in Kazakh].
- 6 Lobkov, A. Kommercheskaia taina, neraskrytaia informatsiia, konfidentsialnost [Trade secrets, undisclosed information, confidentiality]. (n.d.). base.online.zakon.kz. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30092425&pos=4;-106#pos=4; 106 [in Russian].
- 7 «Aqparatqa qol zhetkizu turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 16 qarashadagy No 401-V Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 16, 2015 No. 401-V «On access to information»]. (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401> [in Kazakh].
- 8 «Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi (erekshe bolim)» Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 1 shildedegi No 409 Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan dated July 1, 1999 No.409 «Civil Code of the Republic of Kazakhstan (special part)»] (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> [in Kazakh].
- 9 Direktiva (ES) 2016/943 Evropeiskogo parlamenta i soveta ot 8 iyunia 2016 goda o zashchite neraskrytykh nou-khau i delovoi informatsii [Directive (EU) 2016/943 of the European Parliament and of the Council of 8 June 2016 on the protection of undisclosed know-how and business information] (n.d.). base. wipolex.wipo.int Retrieved from <https://wipolex.wipo.int/ru/legislation/details/16435> [in Russian].
- 10 Postanovlenie Pravitelstva Agentstva RK po regulirovaniu i nadzoru finansovogo rynka i finansovykh organizatsii ot 26 iyunia 2007 goda № 177 «Ob utverzhdenii trebovaniy k deiatelnosti organizatsii po formirovaniu i vedeniu bazy danykh» [Resolution of the Board of the Agency of the Republic of Kazakhstan on Regulation and Supervision of the Financial Market and Financial Organizations dated June 26, 2007 No. 177 «On approval of requirements for the organization's activities on the formation and maintenance of a database»]. (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070004860/_history [in Russian].
- 11 «Akimshilik ququq buzushylyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2014 zhylygy 5 shildedegi No 235-V Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2014 No. 235-V «On administrative offenses»]. (n.d.). base.adilet.zan.kz. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>.